

## Толық емес мерзімдік декларациялау туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Кеден комитеті 1996 жылғы 31 қазандағы N 222 -П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 12 желтоқсанда N 232 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен. ~V011442

Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының сыртқы экономикалық қызметіне қолайлы жағдайлар жасау, сыртқы экономикалық байланыстарын дамытуға жәрдемдесу, кедендік ресімдеуді жетілдіру мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Жарлықтың 153, 201, 202 - баптарына сәйкес бұйырамын:

1. Толық емес мерзімдік декларацияларды пайдалана отырып, қоса

тіркеліп отырған Тауарларды кедендік ресімдеу тәртібі бекітілсін.

2. Кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары осы Бұйрықтың мазмұнын тиісті кеден органдарының қызметі аймағында орналасқан декларанттар және өзге де мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдарға жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Кеден комитеті Төрағасының Бірінші орынбасары В.Д.Кирдановқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы  
Кеден комитетінің  
1996 жылғы 31 қазандағы  
N 222-п бұйрығымен  
Бекітілген

Толық емес мерзімдік декларацияларды пайдалана  
отырып, тауарларды кедендік ресімдеудің  
ТӘРТІБІ

1. Үздіксіз жұмыс айналымы бар және тәулік бойы жүк тиейтін, тұрақты

және ырғақты жұмысының Қазақстан Республикасы экономикасы үшін ерекше маңызы зор, СЭҚ-қа адал қатысушы ірі өндірістік кәсіпорындардың жүйелі түрде әкететін тауарларына қатысты ТМД-ны пайдалана отырып, тауарларды кедендік ресімдеудің жүргізілуі мүмкін.

2. ТМД-ны беруге жазбаша рұқсатты қызметі аймағында кәсіпорын орналасқан кеден органының бастығы кәсіпорынның дәлелді өтінішінің, сондай-ақ атқарушы өкіметтің арыздары негізінде береді.

Рұқсатты алған соң кәсіпорын тауарларды кедендік ресімдеудің технологиялық нобайын жасайды, оны кеден органының бастығы бекітеді.

3. ТМД-ны пайдалану жолымен тауарларды декларациялауды декларацияланатын тауарлардың иесі болып табылатын өндіруші кәсіпорын ғана жүргізеді.

4. ТМД-ны пайдалану жолымен декларациялауға кәсіпорынның негізгі өнімдері болып табылатын тауарлары жатады.

Кәсіпорынның бір күнтізбелік жылдан аспайтын белгілі бір мерзім ішінде жөнелтілімдер немесе құрамдардың мөлшеріне қарамастан сыртқы саудалық бір шарт бойынша жөнелтетін тауарлары бір топтама ретінде декларацияланады.

5. Декларант кемінде он бес күнде және жоспарланып отырған тауарларды алғашқы рет тиеуге дейінгі он күн ішінде кеден органына:

- Т М Д - н ы ;

- мәлімделінген кеден режиміне сәйкес кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізуге қажетті өзге де құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

Т М Д төмендегі ерекшеліктер:

- вагондар мен тауар-көлік құжаттарының нөмірлері көрсетілмей тауарлардың жоспарланатын мөлшерінің көрсетілуі;

- кедендік жүк декларациясында мәлімделінуге жататын және тауардың санына байланысты өзге де мәліметтердің шамамен көрсетілуі ескеріліп, қолданылып жүрген кедендік жүк декларацияларын толтыру тәртібіне сәйкес толтырылады.

6. Тауарларды кедендік ресімдеу кезінде декларант ТМД-ны толтырады және ол кеден органына үш данадан (шекарадағы кеден органына жіберілуге жататын төртінші парақсыз) беріледі. Тасымалдау құжаттарын кедендік ресімдеу кезінде кедендік декларация нөмірінен кейін "ДЕТ" - декларациялаудың ерекше тәртібі көрсетіледі.

7. Жөнелтілген тауарлардың нақты мөлшері ТМД-да мәлімделінген мөлшерден асып кете алмайды.

8. ТМД, көлік және өзге де құжаттарды ресімдеуді кеден органы кедендік жүк декларациясын беру жолымен декларацияланатын тауарларға қатысты қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес жүргізеді.

Кедендік және валюталық бақылау Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің қалыпты актілеріне сәйкес кеден органдарына жүктелген функцияларды атқаруға қажетті шағын көлемде жүзеге асырылады.

9. Мәлімделінген топтаманы жөнелткеннен кейінгі 10 күннен кешіктірілмей декларант кеден органына жетіспейтін мәліметтерді, сондай-ақ түзетілген мәліметтерді (тауарлардың нақты жөнелтілген мөлшеріне байланысты ТМД-да мәлімделінген мәліметтер өзгерген жағдайда) ұсынады.

Аталған мәліметтер даналарының саны КЖД даналары санына сай келетін кеден декларациясының бланкісінде жазбаша түрде беріледі, оларды декларант кедендік жүк декларациясында мәлімделінетін мәліметтерді куәлендіру үшін белгіленген тәртіппен куәлендіреді және бұл мәліметтер толық емес декларацияның ажырамас бөлігі болып табылады. Одан басқа декларант толық емес декларацияның нөмірін көрсетеді.

Кедендік декларацияны толтыруды декларант кеден органының ТМД-ны қабылдаған күні қолданылатын ережелеріне сәйкес жүргізеді. Бұл ретте ТМД-да бұрын мәлімделінген және тауарды жөнелту/алу нәтижесінде өзгермеген мәліметтер қайталанбайды.

Қосымша мәліметтерді қабылдауды кеден органы кедендік декларацияларға қатысты қолданылатын тәртіппен жүзеге асырады, бұл ретте кеден органының беретін тіркеу нөмірі ТМД-ны тіркеу нөміріне сәйкес келеді.

10. Кедендік жүк декларациясының бланкісінде мәлімделінген қосымша мәліметтерден басқа кедендік және валюталық бақылау мақсаттары үшін керекті өзге құжаттарды кеден органы талап етуге құқылы, ал оларды декларант ұсынуға м і н д е т т і .

11. Кеден төлемдерін төлеу және декларациялауы ТМД-ны беру жолымен жүзеге асырылатын тауарларға қатысты экономикалық саясат шараларын қолдану аталған декларацияларды кеден органының қабылдаған күні қолданылатын нормаларға сәйкес жүргізіледі.

12. Төленген кеден төлемдерінің сомасы өзгерген жағдайда оларды қайтару не болашақтағы кеден төлемдерінің есебіне жатқызу жүргізіледі.

13. ТМД-да мәлімделінген, ТМД-ны беру кезінде көрсетілгеннен аз мөлшерде тауарларды нақты әкету жағдайында ТМД-да аталған белгілі бір уақыт ішінде нақты әкетілмеген осындай тауарлар оларды кәсіпорынның одан әрі жөнелтетін кезінде қайта декларациялауға жатады.

Осындай тауарларға тасымалдау және тауарға ілеспелі құжаттар кеден органына қосымша мәліметтермен және осы кеден органының пайдаланған кеден мөрлерін, жай мөртаңбалары мен басқа да теңдестіру құралдарын жоққа шығару үшін әкетілмеуінің себептерін түсіндірумен бірге ұсынылады.

14. ТМД-ны пайдалануға мүдделі кәсіпорын керек кезінде кеден органын

күзетілетін қызметтік жайлармен, байланыс құралдарымен, ұйымдастыру техникасымен, есептеу техникасымен, толық емес мерзімдік декларацияларды пайдалана отырып, кедендік ресімдеуді жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық өнімдермен қамтамасыз етуі тиіс.

15. Декларациялауы ТМД-ны беру жолымен жүзеге асырылатын тауарларды декларациялауға, жөнелтуге қатысы бар кәсіпорынның, онда тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін адамдардың кедендік ережелерді және ТМД-ны қолдана отырып, кедендік ресімдеу тәртібін бұзған жағдайында кеден органының бастығы кәсіпорынды ТМД-ны пайдалану құқысынан айырады.